

ӘОЖ 378:32-057.86

А.С. Жүсіпова*, А.А. Кеңесов

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: aimana1981@mail.ru

Саяси ғылымның теоретикалық-әдістемелік негіздері

Саяси ғылымның қалыптасып дамуындағы теориялық-әдістемелік негіздер және саясатты зерттеудің амалдары саясаттанудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Мақалада саясат теориясындағы саяси ғылымның алатын орны анықталады. Саяси ғылым әдістемесінің қалыптасып дамуы бірнеше кезеңдерден тұрады. Саяси ғылымның теориялық-әдістемелік негіздерін зерттеу барысында саяси ойлар тарихындағы ғалымдардың ой-тұжырымдары маңызды болып келеді. Солардың ішінде Аристотель, Платон, Макиавелли және АҚШ, Еуропа ғалымдарын теориялық-әдістемелік амалдары саяси шынайылықты түсініп ұғынуға үлкен ықпалын тигізді. Саяси ғылымның теориялық-әдістемелік негіздерінің зерттелуі саяси аңыз бен саяси өмірдің арақатынасын түсінуге мүмкіндік берді. Саяси ғылымның жалпыға ортақ теориялық-әдістемелік негіздері жоқ екендігі көрсетілді. Саяси ғылымның теориялық-әдістемелік өлшемдері көптеген мәселелерді анықтауда маңызды орын алады. Қазақстандық саяси ғылымда, саясаттанудың теориялық-әдістемелік негіздеріне аз көңіл бөлетіндігі анықталды. Отандық саяси ғылымның даму бағыттары анықталып, оның мәселелері талданды.

Түйін сөздер: Саяси ғылым, теориялық-әдістемелік, концепция, амал, теория.

A.S. Zhussupova, A.A. Kenesov

Theoretical-methodological bases of political science

This article dedicated to the analyses of theoretical and methodological bases of political science. World outlook and methodological bases of political science consists the complex of philosophic and general theoretical ideas about politics. Ideas of politics accumulates in the analyses, approaches and orientations of political cognition. In modern political science exists various methodological concepts of analyses of political life of society.

Keywords: Political science, methodological basis, the concept, analysis, political life.

А.С. Жусупова, А.А. Кеңесов

Теоретико-методологические основы политической науки

В данной статье анализируются теоретико-методологические основы политической науки. Мировоззренческую и методологическую основу политической науки составляет комплекс философских и общетеоретических идей о политике, аккумулируемых в ее анализе, подходах и ориентациях политического познания. В современной политической науке существуют различные методологические концепции анализа политической жизни общества.

Ключевые слова: политическая наука, методологическая основа, концепция, анализ, политическая жизнь.

Саяси ғылымның зерттеу нысаны болып табылатын саясат адам қоғамы пайда болғаннан бастап қалыптасқан қоғамдық құбылыстардың бірі. Адамдардың саясатқа деген қызығушылығы алғашқы қоғамнан бастап қазіргі уақытқа дейін жалғасуда және болашақта да солай болмақ. Ежелгі Египет, Аққад, Шумер, Үнді, Қытай, Грек жазбаларында немесе сол кездің авторларының туындыларынан саясатқа қатысты ой-тұжырымдарды кездестіруге болады. Саясат туралы білімдердің қалыптасып дамуының негізі жоғарыда аталған елдерде қаланған болатын. Сол кездегі саяси ғылымда ерекше атап өтуге болатын ежелгі грек ойшылдары Платон мен Аристотель.

Платон мінсіз мемлекетті армандаған философ. Оладалар бақытты өмір кешетін мемлекеттің моделін жасады. Ол мемлекеттегі заңның орнын ерекше атап өтті. Платон «Мен, күші жоқ, біреудің қол астындағы заңы бар мемлекеттің өлімін көріп отырмын. Заң билеушіден жоғары тұрса, олар заңның құлы болса, бұл мемлекеттің тұрғындары үшін үлкен игілік» – деп жазған болатын [1]. Саяси ғылымның атасы аталатын Аристотель алғашқылардың бірі болып саясат теориясының негізін қалады. Ол антикалық қала-мемлекеттердің саяси тәртіптеріне салыстырмалы талдау жүргізіп өзінің «Саясат» деген еңбегін жазған болатын. Аристотель мемлекет қолдан емес, ал табиғи (заңды немесе эволюциялық) процестің нәтижесінде пайда болған адамдардың қауымдастығы екендігін атап өтті. Бұл сол кездегі революциялық идеялардың бірі болатын. Қазіргі таңда өзекті болып отырған саяси ғылымның көптеген мәселелеріне сол кездің өзінде Аристотель талдаған болатын. Айталық, демократия, орта тап, басқарушылардың сайлануы және т.б.

Ежелгі грек авторларының идеяларын әрі қарай датқан, саяси ғылымда екреше орынға ие, қайта өрлеу дәуірінің өкілі Н. Макиавелли саяси ғылымның «әкесі» деген атаққа лайық тұлға. Ол өзінің ең басты еңбегі «Тақсыр» – да, саяси ғылымды мемлекет туралы ғылым деп атап өкен болатын. Макиавелли ғылыми айналымға «мемлекет» ұғымын енгізген болатын. Ол ең алғашқы болып қоғам мен мемлекетті бөліп көрсеткен ғалым. Автор саясатты мемлекеттік билік арқылы зерттеген. Макиавелли саясат теориясында әдістемелік революция жасады.

Ол біріншіден, объективті фактілер мен нормативті қағидалар арасындағы шепті

анықтады, яғни «шынайылық және құндылық»; екіншіден, саяси ғылыми білімді теологиядан бөліп көрсетті [2]. Саясат теориясының қалыптасып дамуына үлкен үлес қосқан дәуір, ағартушылық болатын немесе классикалық дәуір. Осы дәуірдің көрнекті өкілі Дж. Локк мемлекеттің пайда болуындағы «келісім» теориясының негізін қалаушылардың бірі. Осы теория негізінде ол өзінің саяси концепциясын жасаған болатын. Жеке адам, азамат автор үшін мемлекеттен жоғары тұрады. Ол «Мемлекетке бірігіп, үкімет билігін бағындыратын адамдардың ең басты және негізгі мақсаты, өздерінің жеке меншіктерін сақтап қалу» [3] – деп жазды. Локк мемлекеттің барлық қызметтерін талдай отыра индивидуалдык негізге жүгінеді. Индивидуалдык концепцияны жаза отыра демократиялық қағидалардың негізін қалайды. Ғалым саяси индивидуализмнің негізін қалаушылардың бірі.

Француз ғалымы Ш.Л. Монтескье өзінің еңбектерінде саяси еркіндік идеясының негізін қарастырады. Еркіндік, автор бойынша заңмен шектелмегендердің барлығын жасау, бұл әрекет тек қана демократиялық республикаларда мүмкін екен. Ол үшін халық мемлекеттік биліктің көзі, халықта жоғарғы билік бар. Мемлекетті халық сайлаған адамдар басқарады, ал халық болса өдері мемлекет басқара алмайды, керісінше олардың қызметтерін бақылай алады [4].

Қоғамның саяси құрылысына талдау жасап, мемлекет пен халық арасындағы саяси қатынасты зерттеген ғалымдардың бірі Жан-Жак Руссо болатын. Ол саясатты халық билігі арқылы қарастырған. Руссоның саяси концепциясының негізі халық еркіндігінде. Руссоның Монтескьеден айырмашылығы ол халықты мемлекеттен жоғары қойды. Ол ««Ұжымдық бүтіндік», яғни, әрбір адам өзін және күшін ортақ еркіндік билігіне береді және біз әрбір мүшені бүтіннің бөлігі деп қабылдаймыз» [5] – деп жазды.

Жоғарыда көрсетілген авторлардың барлығы саясатты мемлекеттік басқару негізінде қарастырғаны анықталды. Саясатты аталған негізде қарастыруды сол кездегі Европада болған саяси процестермен байланыстыруға болады. Себебі, билік пен мемлекет барлық халыққа ортақ және саяси басқару тізгінін ұстау тек қана монархтарға емес, сонымен қатар қарапайым халыққа да қажет екендігі сол кездегі ағаотушылар үшін маңызды мәселе болатын.

XIX ғасырдың 2-ші жартысында академиялық пән ретінде қалыптасқан саясаттану жаңа заманның талаптарына жауап беретін және қоғамдық ғылымдардың арасында өзіндік орынға ие болған зерттеу саласына айнала бастады. Саясаттану басқа ғылымдар мен өнерлердің арасында ерекше орын алды. Себебі, саясаттанудың басты мақсаты – адамдарды қоғамда әділетті өмір сүруге, мемлекетте бейбіт қарым-қатынаста болуға үйрету.

XIX ғасырдың 2-ші жартысында пән ретінде қалыптасқан саясаттану АҚШ колледждері мен университеттерінде академиялық пән ретінде оқытыла бастады. 1857 жылы АҚШ Колумбия колледжінде профессор Фрэнсис Либер бірінші болып тарих және саяси ғылым кафедрасын ұйымдастырады. 1880 жылы аталған колледжде бірінші болып саяси ғылымның мектебі ашылды. 1903 жылы саяси ғылымның американдық ассоциациясы ашылады.

Осы уақытта Европа құрлығында саясаттанудың жеке ғылым мен пән ретінде қалыптасуы жүрді. Саясаттанудың ғылым ретінде қалыптасуына

М. Вебер, Р. Михельс, Г. Моска сияқты ғалымдар өздерінің зор үлестерін қосты. 1896 жылы италяндық ғалым Г. Моска «Саяси ғылымның элементтері» деген классикалық еңбегін шығарды.

XX ғасырдың басында саясаттанудың дербес академиялық пән ретінде қалыптасуы аяқталады. Саясаттанудың терең дамуы екінші дүниежүзілік соғыстан кейін кең етек ала бастады. Бұған себеп әлемді дүр сілкіндірген бір емес, екі дүниежүзілік соғыстың болуы. Саясат қоғам өмірінің маңызды факторы екені анықталды. Енді саяси процестерді зерттеу, оларды болжау маңызды ғылыми қадамдарға айналды. Нәтижесінде 1948 жылы ЮНЕСКО басшылығымен саяси ғылымдардың халықаралық ассоциациясы құрылады (СҒХА). СҒХА құрылу нәтижесінде саяси зерттеулердің белсенділігі арта түсті.

Саясаттану ғылым ретінде XX ғасырда қалыптасты. Оның шырқау шегі екінші дүниежүзілік соғыстан кейін болды. Саясаттанудың ғылым ретінде қалыптасуына бірнеше факторлар ықпал етті.

Бірінші фактор саяси өмірді рационалды ұйымдастырудың қажеттігінен туындады. Себебі, саясат қоғам өмірінің дербес саласы

екендігі анықталды. Сонымен қатар мемлекет рөлінің өсуі саясаттың мемлекеттік билікке қатысының зор екендігін көрсетті. Билікті алу, ұстап тұру және оны жүзеге асыру қоғам үшін маңызды екендігі анықталды. Аталған қажеттіліктерді саясаттың қоғам өміріндегі рөлінің өсуімен түсіндіруге болады.

Екінші фактор саяси білімнің өсуімен байланысты. XIX ғасырдың екінші жартысында оқыту пәні ретінде қалыптасқан саясаттану ғылымға жететіндей ділімдерді жинаған болатын. Демек, саяси білімнің теоретикалық және тәжірибелік деңгейі қалыптасты деген сөз.

XX ғасыр әлемнің толықтай өзгеруіне куә болған ғасыр. Бұл қоғамның барлық саласына төңкеріс алып келген кезең. Бұл тұрғыда саясатта тыс қалмады. Сонымен қатар саяси ғылымда басты мәселелер де туындай бастады. Саяси ғылымның басты ерекшеліктерінің бірі ортақ әдістеменің жоқ болуында. Айтылған мәселеге сонымен қатар, саяси ғылымның ұғымдары мен концепцияларындағы ортақ жүйенің болмауын қосуға болады. Қазіргі таңда өзіміздің көзіміз жетіп отырғандай саяси ғылымда саясатты зерттеуде әр алуан мәселелер, теориялар, парадигмалар және амалдар көп. Саяси ғылымның басты ерекшелігіде және шынайы мәні де осында. Бұл саяси ғылымның қиын әрі көпқырлы екендігінің дәлелі. Дегенмен, әлеуметтік ғылымдардың арасында саясатқа тікелей қатысы бар және саяси тәжірибемен тығыз байланысқан ғылым саясаттану екендігіне ешкім күмән келтірмейді.

Қазіргі саяси ғылым маңызды екі бағыттан тұрады:

1. Теоретикалық – әдістемелік;
2. Қолданбалы – эмпирикалық.

Біз үшін ерекше маңызға ие болып отырған саяси ғылымның теоретикалық – әдістемелік бағыты. Шын мәнінде саяси ғылымда шексіз және қатып қалған немесе оқшауланған әдістемелер жоқ. Дегенмен, біздің саяси ғылымда көп қолданылатын әдістемелер негізі анықталған. Осыған орай қазіргі таңда саяси ғылымда көбірек қолданылатын теориялар мен әдістемелерге талдау жасап көрейік.

Саяси ғылымның теоретикалық-әдістемелік тарихында бірінші бағыттардың бірі әлеуметтік дарвинизм болды. Бұл әдістеменің негізінде зорлық теориясы (Л. Гумплович); элита теориясы (В. Парето, Г. Моска); және олигархиза-

ция теориялары (М. Острогорский, Р. Михельс) қалыптасты.

Сол уақытта әлеуметтік дарвинизм саяси ғылымның жүйесіне терең енген болатын. Егер де XVII ғасырда әлеуметтік ойлар тарихында Ньютонның физикасы үстемдік етсе, XIX ғасырда әлеуметтік дарвинизм зерттеу олимпіне шықты.

Людвиг Гумплович (1838-1909 жж.) әлеуметтік топтар арасындағы өзара қарым-қатынасты үстемдікке бағытталған үздіксіз күрес ретінде сипаттады. Ол «Мемлекеттің пайда болуын зорлық теориясы арқылы түсіндіреді. Мемлекет зорлық арқылы, яғни күшті тайпаның әлсіз тайпаларды бағындыру арқылы пайда болады. осыдан билеуші мен бағынушы, бағындырушы мен құл, жоғарыдағылар мен төмендегілер пайда болады» [6] – дейді.

Әлемдегі саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістер саяси ғылымның қажеттілігі тудырды. Оның демократияны орнатуға ықпалы немес көмегі өте зор болды. Сол кездегі жүріп жатқан қоғамдық процестерді түсіндіретін саяси ғылымның концепциялары, теориялар қажет еді. Аталған тенденциялардың негізінде саяси зерттеулердің бихевиоралдық бағыты дүниеге келеді. Оның мәні саяси процесте, мүдделі топтардың мінез-құлқын зерттеу болды [7]. Бұл бағыттың көрнекті өкілдері Г. Мерриам және Г. Лассуэл еді.

Бихевиоризм идеясын саяси ғылымның айналымына ең алғаш енгізген Артур Бентли (1870-1957жж) болатын. Ол 1908 жылы жарық көрген «Процесс управления» (Басқару процесі) деген еңбегінде мүдделі топтардың мінез-құлқын зерттеуге шақырды.

Зерттеуші бихевиоралистердің назарында биліктің формалды емес астыртын құрылымдары болатын. Олар: қысым топтары, үгіт-насихат орталықтары, мафия және т.б.. Бихевиоралистер индивидтің мінез-құлқын зерттеу барысында тек қана эмпирикалық фактілерді ғана мойындады. Себебі, ғылыми талдаудың пәндік саласы тек қана фактілерге негізделу керек деген қағидаға сүйенді. Бұл қағида зерттеуші бихевиоралистер үшін әдістемелік негіз болып саналды. Олар тәжірибе жүзінде дәлелденген тұжырымда ғана ғылыми негіз бар деп есептеді. Ал, саясат немес билік туралы абстрактілі теориялар ғылыми құндылығы

жоқ, сондықтан ғылыми зерттеудің саласына жатпайды. Зерттеудің басты құралы интервью және статистикалық мәліметтер болды.

Уақыт өте бихевиористік әдістеме Америкадан Еуропаға да көшеді. Француз ғалымы Ф. Бро «Бұл амал Францияда саяси ғылымдардың Ұлттық Фронт зерттеушілерінің еңбектерінде кездеседі, ең бастысы сайлау науқанына қатысты жұмыстарда анық көрінеді» – деп жазған болатын [8]. Бихевиорализмнің алтын ғасыры 50-ші жылдарда болды. Дегенмен жалаңаш эмпиризм саяси процестердің шынайылығын және мәнін толықтай ашып көрсете алмады. Олар фактілерді сипаттаумен шектеліп қалды.

Бихевиорализмнің сынға алынып әлсіреу барысында саяси ғылымның зерттеу әдістемесі ретінде функционализм мен жүйелік талдау дүниеге келеді. Осы саланың көрнекті өкілдерінің бірі Т. Парсонс құрылымдық-функционализмнің негізін қалаған ғалым, саясаттанудың концептуалды және теоретикалық аппаратын жасауға тырысты. Ол басты назарын саяси жүйенің қызметін талдауға аударды, функционалдық және жүйелік амалды қосуға талпынды. Осы орайда Т. Парсонс саясатты экономикмен қатар жүретін қоғамның жүйешігі ретінде қарастырды және саясат Парсонс үшін «әлеуметтік ұйымның құралды аспектісі» болып саналды.

Саяси ғылымда ерекше орынға ие болған М. Вебердің саяси теориясын атап өтуге болады. М. Вебер (1864-1920 жж.) тек қана саясаттану емес сонымен қатар әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың әдістемелік негізіне арқау болған ғалымдардың бірі.

М. Вебердің зерттеуі көпқырлы, қоғамның экономикалық өмірінен бастап, мәдениет әлеуметтануы, дін, өнер, тарих ғылымдарына дейін өзінің ойларын қалдырды. Саяси ғылымда басты назарын саяси және мемлекеттік институттарға аударды.

Саясат М. Вебердің зерттеулері негізінде теоретикалық-әдістемелік мазмұнға ие болады. Вебер үшін саясат – билікке деген құштарлық, билікті бөлісуге ықпал ету. Ол легитимділікке байланысты өшпес анықтамалар қалдырған автор. М. Вебер үшін билік саяси қатынастың негізі болып табылады.

Функционализм немесе функционалдық талдау, саяси ғылымның басты әдістемелерінің бірі болып табылады. Ол саяси жүйе элементтерінің

қызметтік тәуелділіктерін, билік институты бүтіндігін олардың бірі-бірімен әрекеттерін қарастырады.

Саяси ғылымда функционалды амалды американдық ғалымдар Алмонд пен Пауэлл дамытқан болатын. Олар талдаудың үш деңгейін көрсетті:

1. Жүйе және орта;
2. Жүйенің ішкі қызметі және сақталуы;
3. Бейімделу (адаптация).

Дегенмен, функционализм шектеулі әдістеме. Себебі, нақты құбылыстарды түсіндіре алмайды. Саяси жүйенің қызметтік моделі ескі әрі бір жақты болып келеді. Бұл амал, саяси жүйедегі қарама-қайшылықтарды, шиеленістерді және конфликтілерді анықтай алмайды.

Теоретикалық саясаттану сонымен қатар жүйелік талдауды да маңызды әдістемелерінің бірі ретінде қарастырады. Жүйелік әдістеменің жалпы концепциясын саяси ғылымда Д. Истон жасаған болатын. Жүйелік талдау бойынша, қоғамның саяси өмірі құндылықтарды бөліске салатын саяси әрекеттердің жиынтығынан құралған. Бұл жиынтық қоғамның басқа да жүйелерінен тұратын саяси жүйені құрайды.

Қоғамның саяси саласын динамикалық жүйе ретінде көрсету, саяси процестерді өзара әрекеттесу арқылы түсіндіруге мүмкіндік береді. Саяси жүйені тұлғалар, топтар және ұйымдар қызмет ететін бүтін сала ретінде көрсетеді. Жүйелік әдістеме саяси құбылыстар мен процестерді қоғамның басқа да салаларымен тығыз байланысы арқылы түсіндіруге саяси ғылым үшін концептуалды негіз береді. Осы арқылы саясатты шынайы түсінуге және саяси аңыздарды жоюға жол ашады.

Дегенмен, жүйелік талдаудың әдістемесі саяси жүйенің объективті әлеуметтік-экономикалық негізін, қоғамдағы заңдылықтардың жүру барысын ескермейді. Ол функционализм сияқты абстрактілі теоретикалық модель болып қала береді. Д. Истонның жүйелік әдістемесін француз ғалымы М. Дюверже «Д. Истон теоретикалық моделін жалпылағаны соншалықты, оны барлық жерде қолдануға болады, бірақ ол үлкен нәтижелер бермейді» – деп сынаған болатын [9].

XX ғасырдың саяси ойлары көрсеткендей саяси ғылымда ортақ теоретикалық-әдістемелік негіз жоқ. Саяси ғылымда уақыт өткен сайын теориялар мен парадигмалардың өзгеріп отыратындығы анық көріне бастады.

Қазіргі таңда «Саясат» ұғымына берілген анықтамалар өте көп. Дегенмен саясатты анықтауда бірнеше бағыттарды көрсетуге болады.

Бірінші бағыт, саясатты билік арқылы түсіндіру. Бұл тұрғыдан алғанда саясат билікті жүзеге асырушы құрал. Саясат мемлекеттік билікпен бірейленген құбылыс болып табылады.

Екінші бағыт, саясат – процесс. Бұл бағыт бойынша қоғамдағы кез келген процесс саясаттың туындысы. Осы орайда саясат тек қана мемлекетті емес сонымен қатар қоғамды басқаруға арналған құрал. Адам қоғамының дамуына байланысты «саясат» сөзін түсіндіруде өзгеріп отырды. Саяси ғылымның атасы болып табылатын Аристотель саясатты полистік басқару негізінде қарастырды. Оның анықтауы бойынша саясат – қауымдастықтың өркениетті формасы, оның басты мақсаты «ортақ игілік» пен «бақытты өмірді» ұйымдастыру болып табылады. Сондықтан Аристотель бойынша саясаттану «патша ғылымы» болып саналды. Бұл процесс Гоббс бойынша «ортақ мүдде», Гегель бойынша «ақылдың көрінісі» болып табылады.

Үшінші бағыт, институционалдық. Бұл бағытта саясаттың мәнін қоғамдағы саяси институттардың қызметі арқылы түсіндіріледі.

Қоғамның даму үрдісіне байланысты саясатты түсіну және түсіндіру, қабылдау және талқылау түрлері де өзгеріп отырды. Айталық, саясатты түсіну мен түсіндіру аңыздық деңгейден бастап ғылыми дәрежеге дейін жетті. Нәтижесінде адамдар саясатты түсінуде үш деңгейден өтеді немес саясатты түсінудің үш амалы бар. Олар:

1. Қарапайым деңгей. Бұл деңгейде адамдар саясатты жеке тәжірибе, дәстүрлі қалыптасқан идеялар, әдет-ғұрыптар, стереотиптер негізінде қабылдайды. Сондықтан саясатты түсіну интуитивті эмоция, сезім арқылы жүреді. Қазіргі қазақ қоғамында аталған амалды «қазан ошақтың басындағы әңгіме» немесе кеңес одағынан қалған «кухнядағы саясат» және «саяси өсек» деген сөздермен түсіндіруге болады. Міне, осы деңгейде саясат туралы аңыздық, қиялдық, ойлар қалыптасады. Бұны, саясатты иррационалды түсіну немесе қабылдау деп атауға болады. Себебі, бұл деңгейде саясатты түсіну, ол туралы айту тек қана сезім арқылы жүзеге асырылады.

2. Ғылыми-теоретикалық деңгей. Бұл амалда саясатты түсіну рационалды-сыни

негізде жүреді. Саясатты қабылдау тек қана жеке тәжірибе емес сонымен қатар топтық және әмбебап тәжірибелер арқылы жүзеге асырылады. Себебі, ғылым саясат туралы толық және шынайы түсініктер мен көзқарастарды қалыптастыру қажет. Аталған деңгейдің негізі теоретикалық білім немесе ғылыми таным болып табылады. Сондықтан саясатты түсіндіру логика, теория және тәжірибе арқылы жүзеге асырылады. Ғылыми теория саясатқа анықтама беріп ол туралы әртүрлі түсініктер қалыптастырады, ал ғылым болса оның шынайылығын және нақтылығын анықтайды.

3. Тәжірибелік деңгей. Бұл нақты саяси міндеттерді шешуге бағытталған деңгей, яғни саясатты жасау және оны жүзеге асыру механизмдерімен айналысады. Тәжірибелік деңгейде саясаттанудың теоретикалық-әдістемелік және ғылыми танымдық негізінде жинақталған білімдердің барлығы шынайы өмірде қолданысқа ие болады. Осы тұрғыдан алғанда саясаттану саясатты зерттеп ғана қоймай сонымен қатар оны жасайтын және ұйымдастыратын ғылым. Демек, Саясаттану – саясатты жасайтын ғылым деген сөз.

Шын мәнінде аталған үш деңгей бір-бірімен тығыз байланысты. Айалық, қарапайым деңгейдің туындауына ғылыми теоретикалық және тәжірибелік деңгей себепші болады. Себебі, жүргізіліп жатқан саясаттың нәтижесі адамдардың саясатты қабылдауына және саясат туралы көзқарастарына тікелей ықпал етеді, ал саясаттың дұрыс немесе бұрыс жүргізілуі теоретикалық білімдердің меңгерілуіне байланысты.

Жалпы гуманитарлық ғылымдардың нақты немесе жаратылыстану ғылымдардан айырмашылығы оларда идеологиялық қызмет жүзеге асырылады. Осы тұрғыдан алғанда идеологиялық қызмет екі деңгейде жүреді:

1. Тәрбиелік. Бұл деңгейде саясаттану ғылымы қоғамның азаматтарын билікті түсінуге, олар туралы көзқарастар қалыптастыруға және саяси процестерге араласуға көмектеседі. Француз саясаттанушысы Ф. Бро бойынша «Саясатта нашар әрекеттер адамдардың санасын улап фанатиктерге айналдыруы мүмкін, сондықтан саяси ғылымның басты мақсаты – объективті, нақты шынайы көзқарастарды қалыптастыру» [10].

2. Концепциялық. Саясаттану ғылымының негізінде жасалған концепциялар қоғамды

ұйымдастыруға және оны әрі қарай дамытуға мүмкіндік береді.

Сондықтан саясаттанудың басты ерекшеліктерінің бірі ол идеологиялық қызметті жүзеге асыратын және басында тұратын ғылым. Саяси ғылымнан туындаған теориялар мен концепциялар уақыт өте келе мемлекет пен қоғамды басқаруда басты идеологиялық құралға айналды. Мысалы, 50-60 жылдары жасалған модернизация теориясы қазіргі таңда ел басқарудағы басты идеологиялық құрал болып табылады. Бұл процесс әлемнің дамыған, дамып келе жатырған және дамитын мемлекеттердің барлығында жүзеге асырылатын бағыт.

Саясат көпқырлы құбылыс және процесс. Ол субъективті және объективті. Саясат түсінігі құбылыстар мен процестердің жиынтығынан құралған феномен. Саясат бұл:

а) әлеуметтік топтардың ұйымдасқан қызметі, билік құрылымдарының қоғамдық өмірді басқаруға бағытталған әрекеттері;

ә) билікті алуға, ұстап тұруға және жүзеге асыруға бағытталған қоғамдық қатынастың түрі;

б) саяси сана және мәдениет;

в) саяси ұйымдардың жиынтығы.

Ғылыми талдау көрсеткендей саясатты үш негізгі өлшемде анықтауға болады. Олар төмендегідей:

1. Институционалдық-қоғамдық өмірдегі саяси институттардың әрекеттері;

2. Нормативті – құндылықтар, нормалар, мақсат, міндеттер жиынтығы;

3. Процесуалды – мемлекет басқару мен билікті жүзеге асыру барысындағы мақсаттар мен ортақ мүдделерді қорғау және жүзеге асыру жүйесі.

Қазақстанда саяси ғылымның қалыптасып дамуы ХХ ғасырдың 80-90-шы жылдарына сай келеді. Саяси ғылым ең бірінші академиялық пән ретінде ұйымдастырылып, кейін саясаттану ғылыми бағытта қарастырыла бастады. Америка мен Европа құрлығында саяси ғылым деп аталатын пән біздің елде саясаттану деген атқа ие болды.

Қазіргі таңда отандық саяси ғылымның дамуы бірнеше бағыттар негізінде жүріп отыр.

Бірінші, академиялық бағыт. Саяси ғылымды саясаттану пәні негізінде оқытады. Бұл бағытта саяси процесте қызмет ететін және саясатты зерттейтін мамандар дайындайды;

Екінші, ғылыми бағыт. Саяси мәселелер бойынша ғылыми жұмыстар жазылып қорғалады.

Үшінші, сарапшылық бағыт. Бұл бағытта саяси процестерді үнемі бақылап, олар туралы комментарийлер мен сараптамалық талдаулар жасайтын адамдардың қызметтерін атауға болады.

Кез келген ғылымның қалыптасып дамуына негіз болатын, сол ғылымның теоретикалық-

әдістемелік тұрғыда зерттелуі. Өкінішке орай, отандық саяси ғылымда бұл сала бойынша ешқандай ғылыми еңбектер немесе мақалалар жоқ. Бұл саяси ғылымның ең басты, әрі негізгі бағыты. Сондықтан, қазақстандық саяси ғылымды халықаралық аренаға шығару үшін саясаттанудың теоретикалық-әдістемелік құрылымы зерттеген жөн.

Әдебиеттер

- 1 Платон. Соч. Т. 3 (2). – М., 1972. – С. 188.
- 2 Шварценберг Р.Ж. политическая социология. Часть 1. – М., 1992. – С. 62.
- 3 Рассел Б. История западной философии. – М., 1959. – С. 189.
- 4 Монтескье Ш. О духе законов // Избр. Произведения. – М., 1958. – С. 293.
- 5 Антология мировой философии. – М., 1970. – Т. 2. – С. 569.
- 6 Гумплович Л. Общее учение о государстве. – СПб., 1910. – С.47.
- 7 Федосеев А.А. Современная американская буржуазная политология. – Л., 1989. – С. 18.
- 8 Бро Ф. Политология / Перевод с французского. – М., 1992. – С. 67.
- 9 Duverger M. Institutions politiques et droit constitutionnel. – Paris: Themis, 1970
- 10 Бро Ф. Политическая наука // Политология вчера и сегодня. – М., 1990. – С. 237.

References

- 1 Platon. Works P. 3 (2). – M., 1972. – P. 188.
- 2 Shvartsenberg R. Zh. Polititcal sociology. Part 1. – M., 1992. – P. 62.
- 3 Rassel B. The history of western philosophy. – M., 1959. – P. 189.
- 4 Monteskie Sh. About the spirit of the laws // Selected works. – M., 1958. – C. 293.
- 5 Anthology of world philosophy. – M., 1970. – T. 2. – P. 569.
- 6 Gumplovich L. Public studies about the state. – M., 1910. – P. 47.
- 7 Fedoseev A. The modern American political science. – M., 1989. – C. 18.
- 8 Brou F. Political science / Translated from French. – M., 1992. – P. 67.
- 9 Duverger M. Institutions politiques et droit constitutionnel. – Paris: Themis, 1970
- 10 Brou F. Political science // Political science tomorrow and yesterday. – M., 1990. – P. 237.